



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2021 жылдың 05 наурызы

KASE IFC бірлесіп, Ring the Bell for Gender Equality жыл сайынғы сауда-саттықтың ашылу рәсімін және инклюзивті көшбасшылық бойынша онлайн-шараны өткізді

2021 жылдың 05 наурызында "Қазақстан қор биржасы" АҚ (Биржа, KASE) халықаралық қаржы корпорациясымен (IFC) бірлесіп, Ring the Bell for Gender Equality жыл сайынғы сауда-саттық ашылуы рәсімін өткізді, оның аясында "Инклюзивті көшбасшылық: бизнестегі жаңа шындық" атты онлайн-шарасы өтті.

Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығын ашу рәсімі әлемдік қауымдастықтың назарын гендерлік әртүрлілік және әйелдердің саясат, экономика және бизнес саласындағы ықпалын кеңейту мәселелеріне арналды.

Биылғы жылы Биржа осы рәсімді БҰҰ Бастамасы "Тұрақты қор Биржалары" – Sustainable Stock Exchanges Initiative (SSE Бастамасы) аясында 4-ші рет өткізіп отыр. Оған KASE 2015 жылы қосылған. Бүкіл әлем бойынша акцияларға дәстүрлі қолдау көрсетуші "БҰҰ-әйелдер", Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC), "Әйелдер мен биржалық индекстік қорлар" ұйымдары және Бүкіләлемдік биржалар федерациясы. 2021 жылы сауда-саттық ашылу рәсімін бүкіл әлем бойынша 90 астам биржалар өткізеді.

Ring the Bell for Gender Equality сауда-саттығын ашу рәсімі қазақстандық қаржы қауымжастығы үшін дәстүрге айналды және заманауи бизнес жағдайында гендерлік әртүрлілік тақырыбының диалогына айналды.

Ағымдағы жылы іс-шара онлайн форматта өткізілді, және тұрақты даму саласында мақсатқа жету үшін гендерлік әртүрлілікті алға жылжытуда корпоративтік сектор роліне назар аударуға бағытталды.

Іс-шара барысында жахандық бастамалардың негізгі міндеттері "Әйелдердің құқығын және мүмкіндіктерін кеңейту қағидалары" (Women's Empowerment Principles, WEP) атап көрсетілді. KASE WEP-ке 2019 жылы қосылды.

Бұл рәсімге спикер ретінде операциялық қызмет бойынша IFC вице-президенті - Стефани фон Фридебург, операциялық қызмет бойынша аға маман - Кассандра Колберт, Орта Азия бойынша IFC Аймақтық өкілдігінің басшысы - Лаззат Рамазанова, Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы Әйелдер ісі және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның Төрағасы, Депутат - Мария Хаджиева, Қазақстан Республикасы қаржы нарығын қадағалау және реттеу агенттігі Төрағасының орынбасары - Досым Сатпаев, Саясаттанушы, "Risks Assessment Group - Kazakhstan" директоры - Андрей Курилин, "Ситибанк Казахстан" АҚ Басқарма Төрағасы - Жаннетт Лиендо, Mastercard Маркетинг және коммуникациялар жөніндегі аға вице-президенті, CEO және Chocofamily Holding қосалқы негізін құрушы - Рамиль Мухоряпов.

Қатысушылар Қазақстан Республикасының гендерлік тең құқықтылық, әйелдердің экономиканың түрлі секторына тартылуы, сонымен қатар, бизнесті басқарудағы жетістіктерді талқылады. Әйелдердің түрлі деңгейдегі басшылық позициясындағы және директорлар кеңесіндегі орны туралы түрлі пікірлер алмасып, зерттеулермен бөлісті. Инклюзивтік көшбасшылық тұжырымдамасына халықаралық көзқарастарды, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметі қабылдаған шаралар мен және әйелдердің жұмыспен қамту деңгейін арттыруға және олардың түрлі нысандағы бизнес-субъектілерді басқаруға икемдеуге бағытталған көзқарастарды

қарастырды. Іс-шара барысында инклюзивтілікке назар аудара отырып, бүгінгі таңда көптеген көшбасшы компаниялар стратегиялық, тұрақты дамудың бизнеске бағытталған тәжірибелерін және гендерлік көптүрлілікке бет бұрғанын атап айтты.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады. KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz